

Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 119 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы N 57 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.01.31 N 57 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында қылмыстық қудалау органдарынан тәуелсіз сот сараптамасы жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі және Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, 2005 жылдың 3-тоқсанында көрсетілген Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.13. N 842 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 8 ақпандағы
N 119 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасы

А с т а н а
2005 жыл

Кіріспе

Қылмыстық қудалау органдарынан сот сараптамасын жүргізу функциясын алып тастауды қамтитын Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесін реформалау тәуелсіз сот сараптамасы жүйесін қалыптастыруға кірісуге мүмкіндік берді.

Іс жүргізушілік дәлелдеудің ғылыми-техникалық деңгейін арттыру қажеттілігі сот-сараптамасы қызметін нығайту мен тұрақтандыру бойынша бірқатар шараларды қабылдауға, сондай-ақ оның одан әрі дамуын қамтамасыз етуге себеп болды.

Сарапшылардың тәуелсіздігін, сарапшылық зерттеулердің ұйымдастырушылық және әдістемелік біркелкілігін, сот сараптамасын жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың кәсіби біліктілігі мен қызметін бақылауды, сот сараптамасы қызметінің қаржылық, әлеуметтік және материалдық-техникалық деңгейін тұрақтандыру мен арттыруды қамтамасыз ететін "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау сот сараптамасы қызметінің даму бағыттарын айқындау мен оларды іске асыруда үлкен роль атқарды.

Нәтижесінде бүгінгі күні сот сараптамасы қызметін ғылыми, әдістемелік, кадрлық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жүйесін дамытуға негіз бар.

Сот сараптамасы органдары мен сот сараптамасы қызметін одан әрі дамыту бағытын таңдау оларды ұйымдастыру аясында орын алған ахуалды сыни тұрғыдан пайымдауды, сондай-ақ соттар мен қылмыстық қудалау органдарының сот сараптамасына деген мұқтаждығын қамтамасыз ету жағдайын талап етеді.

Осы Тұжырымдама Қазақстан Республикасы сот ісін жүргізуінің демократиялық қағидаттарына негізделген сот сараптамасы жүйесін дамыту мақсаттары мен басым бағыттарын жүйелі түрде баяндайды.

Тұжырымдаманың мазмұны Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен адам құқығы кепілдігі саласындағы басқа да халықаралық құжаттарға толық сай келеді. Соған байланысты оны іске асыру қоғамды демократияландыру процесі мен құқықтық мемлекет құруға оң әсерін тигізеді.

Тұжырымдама кешенді мақсатты бағдарламаларды, нормативтік құқықтық кесімдерді, тәуелсіз, ғылыми және объективті сот сараптамасын қалыптастырудың және Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін жетілдірудің әдіснамалық тәсілдерін әзірлеуге негіз болады.

1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметінің мәселелері жөніндегі заңнамасын талдау

Сот сараптамасының қылмыстық қудалау органдарынан тәуелсіздігі идеяларын нормативтік құқықтық тұрғыда бекіту және оны одан әрі іске асыру мүмкіндігі үшін 1997 жылғы қарашада "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) қабылданды, ол Қазақстан Республикасындағы сот сараптамасы қызметінің құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық негіздерін белгілеп берді. Одан әрі Заңның сот сараптамасын жүргізудің іс жүргізу аспектілеріне қатысты ережелері Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, Азаматтық іс жүргізу кодексінде және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде көрсетілді.

Сот сараптамасы саласында қабылданған нормативтік құқықтық кесімдердің едәуір көлеміне қарамастан, Заңның және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық кесімдердің көптеген ережелері республиканың сот сараптамасы қызметінің де, соттар мен құқық қорғау органдары қызметінің де қазіргі заманғы даму деңгейіне жауап беретін елеулі түзетулерді қажет етеді.

Әділет министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің сот сараптамасы органдары қызметіне қатысты нормативтік құқықтық кесімдер келісілмеген. Тірі адамдарға қатысты сот сараптамасын жүргізуді, сот психиатрия және сот наркология сараптамаларын жүргізуге арналған кабинеттерді жарактандыру мен жабдықтауды айқындайтын нормативтік құқықтық база іс жүзінде жоқ.

Осыған байланысты орын алған қайшылықтар мен олқылықтарды жою мақсатында Қазақстан Республикасында сот сараптамасы қызметін жүзеге асыруды және сот сараптамаларын жүргізуді регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге талдау жүргізу талап етіледі.

Сот-психиатрия және сот-наркологи́я сараптамаларының ерекшелігін ескере отырып, тірі адамдардың сот сараптамасына қатысты, сот ісін жүргізу аясына тартылған адамдардың негізгі конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға кепілдік беретін, сондай-ақ процестегі тараптардың жарыстастық қағидатын іске асырудағы арнайы білімдердің ролін реттейтін нормаларға айрықша назар аудару қажет.

2. Сот сараптамасы қызметін дамыту тұжырымдамасын әзірлеудің өзектілігі

Тұжырымдаманы әзірлеудің өзектілігі сот сараптамасы қызметін жүзеге асыратын органдардың әртүрлі ведомстволық бағыныстылығынан туындады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы сот сараптамасы қызметін: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелерін (филиалдарын); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы

орталығы мен оның аумақтық бөлімшелерін (филиалдарын); функцияларына сот сараптамасын жүргізу жататын мемлекеттік органдардың мамандандырылған бөлімшелерін қамтитын мемлекеттік сот сараптамасы органдарының жүйесі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы жүйесін негізгі бағыттары ғылыми-өндірістік (сарапшылық), ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызмет болып табылатын "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ҚР Ә д М С С О) б і л д і р е д і .

ҚР ӘдМ ССО құрылымы басқару аппаратын, Сот сараптамасының орталық (Алматы) ғылыми-өндірістік зертханасын, 5 аймақтық және 11 облыстық зертхананы қамтиды. Бұдан басқа, аймақтық және облыстық сот сараптамасы зертханаларының құрылымына ішкі істер органдарының аумақтық және желілік бөлімшелерін сараптамалық қамтамасыз етуге арналған 39 бөлімше кіреді, онда 57 сарапшы жұмыс істейді. Жалпы штат саны 609 адамды құрайды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығының (бұдан әрі - ҚР ДСМ СМО), сондай-ақ оның филиалдарының құрылымы: мәйіттер сараптамасының 122, соның ішінде 29 қалалық, 39 аудандық және 34 ауданаралық бөлімін; 5 күрделі сараптамалар бөлімін; 3 ұйымдастыру-әдістемелік кабинетті; 19 сот-биологиялық, 19 химиялық-токсикологиялық, 16 медициналық-криминалистік, 20 сот-гистологиялық бөлімшелерді және жәбірленушілерді, айыпталушыларды және басқа да адамдарды сот-медициналық сараптаудың 22 бөлімшесін қамтиды.

Аудандық сот-медициналық қызметте орталық аудандық ауруханалардың жанындағы мәйітханалар мен кабинеттерде орналасатын 30 аудандық және 48 а у д а н а р а л ы қ б ө л і м ш е б а р .

Қазіргі кезде ҚР ДСМ СМО мен оның филиалдарының штаттық лауазымдарының саны 1708 бірлікті құрайды, оның ішінде сот-медициналық сарапшылар және медициналық емес жоғары білімді мамандар - 506, орта және кіші медициналық қызметшілер - 741, басқалары - 247 адамды құрайды.

Соттар мен қылмыстық қудалау органдарын сот сараптамасымен қамтамасыз ету жөніндегі тікелей міндеттерден басқа ҚР ДСМ СМО-ға өзге де міндеттер, а т а п а й т қ а н д а :

1. Емдеу жұмысының сапасын: секциялық материалдарды талдау негізінде: зорлық (қылмыстық, өзін-өзі өлтіру, тұрмыстық, өндірістік және басқалары), балалар өлімінің себептерін з е р д е л е у ;

медициналық көмек көрсетудің ақауларын анықтау - клиникалық және патолого-анатомиялық диагноздардың алшақтықтары;

аса жұқпалы ауруларды анықтау; сот-медициналық сарапшылардың емдеу мекемелерінің клиникалық-анатомиялық конференцияларына қатысуы;

мүдделі емдеу мекемелерінің ем жасайтын дәрігерлерін дәрігерлік кателіктерге талдау жасауға тарту арқылы арттыру.

2. Жарақаттанудың (тұрмыстық, көліктік, спорттық, кәсіптік) алдын алу.

3. Тұрмыстық уланудың алдын алу жүктеледі.

Санамаланған бағыттардың бірқатары тікелей сот сараптамасы қызметімен байланысты емес және сот сараптамасы органдарын өндірістік емес уақытша және материалдық шығындарға әкеп соқтырады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің сот-психиатрия және сот-наркология сараптамалық комиссиялары

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 40-бабының негізінде сот-психиатрия және сот-наркология сараптамалары мемлекеттік денсаулық сақтау секторының медициналық ұйымдарында жүргізіледі.

Заңның 35-бабына сәйкес сот-психиатрия және сот-наркология сараптамалары азаматтардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады, ал оны ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Сот-психиатрия сараптамалық комиссиялары Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтарында, сондай-ақ Астана, Алматы, Арқалық, Балқаш, Жетіқара, Жезқазған, Зыряновск, Риддер, Степногор, Семей, Сәтбаев, Талдықорған, Екібастұз қалаларында жұмыс істейді. Барлығы республикада күзет қойылмайтын контингентке амбулаториялық және стационарлық сот-психиатрия сараптамасын жүргізуді жүзеге асыратын 25 комиссия жұмыс істейді. Қамауға алынған адамдарға стационарлық сараптама жүргізу Денсаулық

сақтау министрлігінің Алматы қаласындағы Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығының республикадағы жалғыз 40 орындық күзетілетін бөлімшесінде жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде сот-психиатрия сараптамалық комиссияларында 177 маман, соның ішінде 146 психиатр-дәрігер және 31 психолог жұмыс істейді.

Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығында (бұдан әрі - РППНҒПО) әлеуметтік және сот психиатриясының ғылыми бөлімі құрылды. Оның функцияларына: республикадағы ғылыми, практикалық ізденістердің негізгі бағыттарын айқындау, консультативтік-әдістемелік көмек көрсету, сондай-ақ сот психиатриясы бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық мәселелерін ж о с п а р л а у к і р е д і .

Сот-наркология сараптамаларын өткізуге арналған арнайы медициналық комиссиялар барлық облыстық, қалалық наркологиялық ұйымдардың жанында жұмыс істейді. Көрсетілген комиссияларда 89 штаттық нарколог-дәрігер жұмыс і с т е й д і .

Перспективалық бағыттарды ескере отырып, кадрмен қамтамасыз етудің жай-күйін талдау ҚР ӘдМ ССО зертханалары мен қызметтерін толықтыру орын алып отырған қажеттіліктің 70%-ынан, ал кейбір қызметтерде 50%-ынан аспайтын көлемде жүзеге асырылғандығын көрсетті. Сараптамалық қамтамасыз ету ішкі істер органдары аумақтық және желілік бөлімдерінің қажеттілігіне толық көлемде сай емес. Қазіргі кезде штат санын ұлғайтудағы нақты қажеттілік 1 5 0 б і р л і к т і қ ұ р а й д ы .

1998 жылғы денсаулық сақтау мекемелерін оңтайландыру процесі республикадағы сот-медицина қызметін де қамтыды, штат бірліктері 16-18%-ға қысқартылды. Сонымен бірге сараптамалық зерттеулердің көлемі орта есеппен 3,5 есеге өсті, бұл сарапшылық жүктеменің артуына және сараптамаларды жүргізу мерзімін ұзартуға әкеп соқтырды. Көрсетілген жағдаяттар соттар мен құқық қорғау органдарының тарапынан негізді реніштер тудырады.

Осыған байланысты, ҚР ӘдМ ССО штат санын кемінде 880 бірлікке өсіруге н а қ т ы қ а ж е т т і л і к б а р .

Бұдан басқа, төрт облыстық стационарлық сот-психиатрия сараптамалық бөлімшесін, сегіз аймақаралық амбулаториялық сот-психиатрия сараптамалық комиссия, сондай-ақ сот-психиатрия сараптамалық комиссияларының диагностикалық бөлімшелері үшін кабинеттер ашу өте-мөте қажет. Сонымен бірге ПППНҒПО жанынан сот-психиатрия мен наркология курсы бар психиатрия және наркология кафедрасын құру қажет, ол үшін 411 штаттық бірлік енгізу т а л а п е т і л е д і .

Сот сараптамасы органдарын кадрлармен қамтамасыз ету проблемасы сарапшылардың орындайтын жұмыс көлеміне, оларға жүктелетін жауапкершілікке, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сот сарапшысының мәртебесіне сәйкес келмейтін жалақының өте төмен деңгейіне байланысты. Мәселен, соңғы екі жыл ішінде ҚР ӘДМ ССО ғылыми дәрежелері мен сарапшылық жұмыста мол тәжірибелері бар білікті мамандардың едәуірі кетті. Жедел құрам кадрларының тұрақтамау үрдісі байқалады: 2002 жылдан бастап жыл сайын қызметкерлердің жалпы құрамының 15%-ға дейіні жұмыстан шығады .

Сот сараптамасы органдарының әр түрлі ведомстволық бағыныстылығы сот сараптамасын жүргізу кезінде әртүрлі құқықтық және ұйымдастырушылық тәсілдерге әкеп соқтырады .

Бұдан басқа, ғылыми-практикалық сипаттағы сот сараптамасы қызметін ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Осыған байланысты сот сараптамасы қызметіне басшылық жасау уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан ғылыми біліктілікті талап етеді .

Сонымен бірге, сот сараптамасы органдарының сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметі саласында бірқатар ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық сипаттағы олқылықтар бар. Сот ісін жүргізудің бүгінгі қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыру, сондай-ақ оны дамытудың жақын арадағы перспективасы ескеріле отырып болжанатын міндеттерді шешуге қазіргі заманға сай дайындық жасау мақсатында сот сараптамасының жаңа түрлері мен әдістерін игеру және енгізу талап етіледі .

Сөйтіп, Сот сараптамасының ғылыми-зерттеу қызметінің бағдарламалары мен есептерін, сарапшыларды даярлау мен олардың біліктілігін көтеру бағдарламаларын қарау жөніндегі, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сынап көру және оны сарапшылық тәжірибеге енгізу бойынша ұсынымдар беру жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-әдістемелік кеңесін құруға қажеттілік бар .

Әділет министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің сот сараптамасы органдары өздерінің жұмыс ерекшеліктеріне сәйкес құқық қорғау органдары мен соттардың сот сараптамасын тағайындауды ұйымдастыру мәселелері жөнінде оқу және әдістемелік құралдар дайындауы, ал уәкілетті мемлекеттік органдар оларды басып шығаруды қамтамасыз етуі қажет .

Сот сараптамасы органдарын ұйымдастыру және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері бойынша соттардың, қылмыстық қудалау органдарының және адвокатураның хабардар болу деңгейін көтеру үшін:

Сот сараптамасы әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру;
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Денсаулық сақтау

министрлігі сот сараптамасы органдарының ресми сайттарын, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімі" сайтын құру қ а ж е т .

Сарапшы мен маманның іс жүргізу функцияларын айқын саралау мақсатында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік процестегі маманның іс жүргізу мәртебесін жетілдіру, соның ішінде оның сот ісін жүргізуге қатысудағы нәтижелерін процессуалды ресімдеу проблемасын шешу қажет. Бұдан басқа, Ішкі істер министрлігінің жедел-қылмыстық бөлімшелері қызметінің бағытын және олардың ҚР ӘдМ ССО-ның функцияларымен арақатынасын нақтылау қ а ж е т .

Сонымен бірге сот сараптамасының азаматтық процестегі ролінің едәуір өсуіне байланысты сот сараптамасының азаматтық сот ісін жүргізудегі ролін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу қажет.

3. Сарапшы кадрларды іріктеу, кәсіби даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру

Сарапшы қорытындысының дұрыстығы кепілдіктерінің бірі сарапшы кадрларды іріктеу, кәсіби даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Республикада сарапшы кадрларды іріктеу жүйесінің қалыптаспағандығын атап өту қажет.

Сарапшыларды кәсіби даярлау мен біліктілігін арттыру мәселелері "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Әділет министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің сот сараптамасы органдарында шешілуі тиіс.

Қазіргі кезде ҚР ӘдМ ССО-ның оқу-әдістемелік қызметі екі бағыт бойынша жүзеге асырылады :

- 1) сарапшыларды бастапқы даярлау, олардың біліктілігін көтеру;
- 2) соттар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сот ісін жүргізуде арнайы білімдерді пайдалану мәселелері бойынша біліктілігін арттыру.

Әділет министрінің бұйрығымен өз қызметтерін Астана, Алматы, Өскемен және Ақтөбе қалаларында жүзеге асыратын емтихан қабылдау жөніндегі 4 біліктілік комиссиясы құрылды.

Белгіленген тәртіпке сәйкес тағылымдамадан өтушілер 6-12 ай ішінде бастапқы даярлықтан өтеді. Біліктілік сессиялары жылына екі рет өтеді. Дайындық курсы аяқталған соң комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді, тағылымдамадан өтушіден емтихан қабылдайды және бастапқы даярлық жетекшісі мен құрылымдық бөлімше басшысының пікірлерін тыңдайды.

Талқылау нәтижелері бойынша комиссия тағылымдамадан өтушінің даярлық деңгейін бағалайды және шешім қабылдайды.

Сот сарапшысы біліктілігін берудің нақты негізі Бастапқы даярлық бағдарламасында көзделген арнайы ғылыми білімнің қажетті көлемін игеру болып табылады, бұл бірқатар пәндер: криминалистика, құқықтық білім негіздері, сот сараптамасы негіздері, информатика негіздері бойынша сынақтар мен емтихандар және сарапшы мамандығы бойынша емтихан тапсырумен расталады.

Бұдан басқа, ҚР Әділет министрінің 1998 жылғы 16 наурыздағы N 181 бұйрығымен бекітілген Ережеге сәйкес сот сарапшыларының кәсіби біліктілігін бағалау және оны көтеруді ынталандыру мақсатында тұрақты негізде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Аттестациялық комиссиясы сот сарапшыларын аттестациялауды жүргізеді.

Сот-медициналық сарапшыларды даярлау республиканың медициналық жоғары оқу орындарының сот медицинасы кафедраларында бір жылдық интернатурада не кейіннен сол кафедраларда біліктілік емтихандарын тапсыра отырып және сот-медициналық сарапшы дәрігер біліктілігін бере отырып, екі жылдық клиникалық ординатурада жүргізіледі. Сот-медициналық сарапшы кемінде 5 жылда 1 рет Алматы дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру институтының сот медицинасы кафедрасында біліктілікті арттыру курсынан өтуге міндетті.

Сот медицинасы саласындағы ғылыми кадрларды даярлау үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінде кейіннен Қазақ мемлекеттік медицина академиясының (Астана қаласы) жанындағы Диссертациялық кеңесте ғылыми жұмысын қорғайтын сот медицинасы бойынша аспирантура мен докторантура көзделген.

Сот-психиатрия және сот-наркология сарапшыларын даярлаудың бірнеше кезеңдері бар: медициналық жоғары оқу орнын аяқтау, профильдік кафедраларда бір жыл бойы интернатурада немесе екі жыл клиникалық ординатурада даярлықтан өту. Бұдан басқа, кейіннен сот психиатриясы немесе сот наркологиясы бойынша тақырыптық жетілдіруден өте отырып, психиатрия немесе наркология бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы, белгілі бір түрдегі сот сараптамасын жүргізу құқығына біліктілік куәлігін ала отырып, біліктілік емтиханын тапсыру және аттестация қажет.

Сонымен, республикада сарапшы кадрларды даярлау мен біліктілігін арттырудың біркелкі жүйесі жоқ. Денсаулық сақтау министрлігінің сот сараптамасы органдарымен салыстырғанда, Әділет министрлігінің сот сараптамасы органының мамандандырылған жоғары оқу орындарының базасында сарапшы кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға

Республикада осы тектес органға сәйкес келуі тиіс талаптар (жаратылыстану - техника ғылымы өкілдерінің болуы, сараптамалық зерттеулердің әдістерін қамтитын диссертацияларды қорғауға қойылатын стандартты талаптардың қалыптастырылуы және т. б.) ескеріле отырып қалыптастырылған "сот сараптамасы" мамандығы бойынша мамандандырылған диссертациялық Кеңес жоқ, бұл тиісті диссертациялық жұмыстардың сапасына дұрыс бағалау жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасындағы сот сараптамасы қызметін ғылыми және оқыту жағынан қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыруы, соның ішінде:

ҚР ӘДМ ССО базасында оған ғылыми зерттеулерді жүргізу, аса күрделі сот сараптамаларын жүргізу, сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру функцияларын бере отырып, ғылыми-зерттеу институтын құруы ;

Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары үшін сарапшыларды кәсіби даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруі;

Қазақстан Республикасының Жоғары аттестациялық комиссиясымен бірлесіп, сот сараптамасының ғылыми-әдістемелік проблемаларын зерттеу бойынша диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарды әзірлеуі қажет.

4. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамытудың мақсаты, міндеттері және басым бағыттары

Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты біртұтас және тәуелсіз сот сараптамасы жүйесінің қызметін одан әрі жетілдіру болып табылады.

Сот сараптамасы қызметін жетілдіру, сондай-ақ сот сараптамасы жүйесін дамыту сараптамалық қызметті жүзеге асыратын барлық мемлекеттік органдар үшін ортақ болып табылатын бірқатар іс-шараларды шешуді, атап айтқанда:

тиісті заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерді олардың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі нысанасына тексеруді ;

сот сараптамасы органдарының құқық белгілейтін құжаттарын қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келтіруді талап етеді.

Кейіннен ұйымдық өзгерістерді жүргізу мақсатында:

Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдеріне тиісті өзгерістер енгізе отырып, барлық аймақтық, аймақаралық

сот-психиатрия және сот-наркологи́я сараптамалық комиссияларын " Республикалық психиатрия, психотерапия және наркологи́я ғылыми-практикалық орталығы" мемлекеттік мекемесінің аумақтық бөлімшелеріне (филиалдарына) көшіру;

сот сараптамасы саласындағы ахуалдар мониторингінің стандарты, мамандардың біліктілік стандарты, білім беру стандарты, ұйымдастыру стандарты (технологиялар, жарақтандыру стандарты және т.б.) сияқты сот сараптамасының түрлеріне қарай стандарттар жүйесін құру қажет.

Сот сараптамасы органдарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаржыландыру мәселесі жөнінде ұсыныс беруі қажет.

Осыған байланысты сот сараптамасы жүйесін дамытудың басым бағыттары ретінде мыналарды айқындауға болады:

1) сот сараптамасы қызметінің институционалдық және ұйымдастырушылық негіздерін дамыту;

2) сарапшы кадрларды іріктеу, кәсіби даярлау және біліктілігін көтеру жүйесін жетілдіру;

3) сот сараптамасы органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту ;

4) сот сараптамасы қызметі саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту .

Осы бағыттағы тиімді жұмысты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және қабылдау қажет .

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.10.31. N 1031 қаулысымен.

5. Сот сараптамасы қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту

"Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында сот сараптамасы қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың түрлі нысандары, соның ішінде бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми және әдістемелік ақпаратпен алмасу, сот сарапшыларын кәсіби даярлау мен біліктілігін арттыру көзделеді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Армения, Грузия Республикалары, Беларусь Республикасы, Украина, Ресей Федерациясы Әділет

министрліктерінің арасындағы Келісімдерге сәйкес халықаралық ынтымақтастық ҚР ӘДМ ССО қызметкерлерінің ғылыми зерттеулерін сот сараптамасы мекемелерінің ғылыми еңбектері жинақтарында жариялаумен ғана шектелетіндігін айта кету керек.

Осыған байланысты Тәуелсіз мемлекеттер достастығының сот сараптамасы органдарымен сот сараптамасы, сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелерін бірлесіп әзірлеу, ақпараттық-анықтамалық қызмет саласындағы деректермен алмасу, сарапшы және ғылыми кадрларды даярлау мен біліктілігін арттыру проблемалары бойынша ғылыми жұмысты үйлестіру көзделеді.

Сонымен бірге алыс шетелдермен сот сараптамасы саласындағы халықаралық қызметті де кеңейту қажет.

6. Сот сараптамасы қызметінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру

Сот сараптамасының тиімділігін арттыру үшін сот сараптамасы органдарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету: зертханаларды сараптамалық практиканың қазіргі жай-күйінің талаптары деңгейіне сай келетін сапалы құрал-жабдық базасымен толықтыру қажет.

Мәселен, қылмыстардың көптеген түрлерін тергеу сот бейнефонографиялық сараптама жүргізуді көздейді. Қазіргі кезде ҚР ӘДМ ССО-ның 17 зертханасының тек 4-і ғана сараптаманың осы түрін жүргізуге арналған мамандандырылған құрылғымен қамтамасыз етілген.

Криминалистік сараптамалар қызметінің барлық бағыттарының тиімділігін одан әрі арттыру, жүргізілетін зерттеулердің мерзімдерін қысқарту және сапасын көтеру үшін сараптамалардың жекелеген түрлерін жүргізуге арналған қазіргі заманғы сараптамалық технологияларды, соның ішінде қазіргі заманғы бағдарламалық кешендерді енгізу мақсатында жабдықтар сатып алу қажет.

Сот сараптамасының орталық (Алматы) ғылыми-өндірістік зертханасының құқық қорғау органдары мен соттар тағайындайтын молекулярлық-генетикалық зерттеулер (ДНК зерттеу) жүргізудегі техникалық мүмкіндіктері аталған зерттеу түрінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты, республиканың ірі қалаларында орналасқан бес аймақтық зертхана үшін ДНК-ны зерттеу бойынша арнайы жабдық сатып алу қажет.

Зертханаларды үй-жайлармен қамтамасыз ету проблемасы да толық көлемде шешілген жоқ. Қазіргі кезде сот сараптамасының тек 14 зертханасы ғана Орталықтың теңгерімінде тұрған ғимараттар мен үй-жайларда орналасқан. Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстық зертханалары үй-жайларды жалға алады, бұл оларды арнайы жабдықтау бойынша қажетті жұмыс жүргізуге

мүмкіндік бермейді. Кейбір зертханалар алаңдары ғылыми-өндірістік зертханаларға қойылатын құрылыс, санитарлық-техникалық нормативтерге (алаң нормасы, инсоляция деңгейі, дыбыс изоляциясы, желдету) сәйкес келмейтін үй - ж а й л а р д а о р н а л а с қ а н .

Суық, атыс қаруына, жарғыш құрылғылар мен жарылғыш заттарға эксперименттік зерттеу жүргізуге арналып арнайы жабдықталған бөлмелер жоқ.

ҚР ДСМ СМО-ның үй-жайлармен қамтамасыз етілу жағдайы да осындай. Орталық аппарат ғимараттарының, үй-жайлары мен алаңдарының материалдық-техникалық және санитарлық-гигиеналық жағдайы және жергілікті жерлердегі филиалдарының жартысынан көбі нормативтік талаптарға сәйкес к е л м е й д і .

Мысалы, Орталық аппарат ауданы 550 м^2 жалға алынған үй-жайда, ал оның сот-медициналық зертханасы жалпы ауданы $354,3 \text{ м}^2$ есептен шығарылған ғимаратта орналасқан, бұл мұнда қазіргі заманғы аппаратура тұрмақ, сарапшыларды орналастыруға да мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты Орталық аппарат пен Сот медицинасы орталығының сот-медициналық зертханасы үшін типтік ғимарат салу қажет.

ҚР ДСМ СМО Алматы филиалы 1935 жылы салынған бір қабатты үш ғимаратта орналасқан. Мұндағы өндірістік алаңдар жеткіліксіз, үй-жайлар күрделі жөндеуді талап етеді.

Қаржыландырудың болмауына байланысты 2001 жылы басталған жөндеу жұмыстары осы уақытқа дейін аяқталған жоқ. Астана қаласындағы Ақмола филиалы да қанағаттанғысыз жағдайда әрі аумақтық бөлімше мәртебесіне сай келмейді. Маңғыстау филиалының өз үй-жайы жоқ. Қызылорда филиалы облыстық аурухананың бұрынғы жұқпалы аурулар бөлімшесінің жапсарлас ғимаратында орналасқан. Жамбыл филиалы Психикалық денсаулық орталығының жанында орналасқан. Атырау филиалы облыстық аурухананың жанындағы патологиялық анатомия бөлімшесінің үй-жайын жалға алып отыр. Ақтөбе филиалы қаладан сегіз шақырым жердегі облыстық аурухананың жанында, ал әкімшілігі Ақтөбе облыстық ПББ жанындағы үш кабинетте орналасқан. Осыған байланысты Сот медицинасы орталығының аймақтық филиалдары үшін ғимараттар салу қажет. Қалған Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Көкшетау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Семей, Қостанай филиалдары күрделі жөндеуді талап етеді.

Бұдан басқа, сот-медицина сараптамасының 39 аудандық және 34 ауданаралық бөлімшелері орталық аудандық ауруханалардың жанындағы мәйітханалар мен кабинеттерде орналасқан, яғни олардың да өз үй-жайлары жоқ.

Тұжырымдар

Сонымен, Қазақстан Республикасындағы сот сараптамасы органдары мен сот сараптамасы қызметі жүйесінің қазіргі жай-күйі құқықтық, институционалдық, ұйымдастырушылық, кадрлық және материалдық-техникалық сипаттағы бірқатар проблемалармен сипатталады, оларды шешу үшін нақты шаралар қ а б ы л д а у қ а ж е т .

Қазіргі кезеңде еліміздің сот сараптамасы жүйесі үшін аса маңызды, тез арада шешілуге жататын проблемалар:

1) сот сараптамасы қызметінің нормативтік-құқықтық жағынан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, Әділет министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің сот-сараптамалық қызметінің нормативтік-құқықтық базасының келісімсіздігі;

2) сот сараптамасы органдарының әртүрлі ведомстволық бағыныстылығына байланысты сот сараптамасы қызметінде ұйымдастырушылық және әдістемелік біркелкіліктің жоқтығы;

3) сот сараптамасы органдарының білікті кадрлармен жеткілікті толықтырылмауы;

4) сарапшы кадрларды іріктеу жүйесінің болмауы, сарапшыларды кәсіби даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесінің жетілдірілмеуі;

5) сот сараптамасы органдарының да, құқық қорғау органдарының да қызметкерлерін, сондай-ақ судьяларды ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі;

6) шетелдік сот сараптамасы органдарымен қалыпқа түскен халықаралық ынтымақтастық жүйесінің жоқтығы;

7) сот сараптамасы органдарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің сот ісін жүргізу міндеттеріне сәйкес келмеуі болып табылады.

Жазылған проблемаларды шешу Республиканың сот сараптамасы қызметін тұтастай алғанда қоғамның қазіргі заманғы дамуына сай келетін деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.